

## Қазақы ит тұқымдарының бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 107 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 наурызда № 32192 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақы ит тұқымдарының бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар  
министрінің м.а.

З. Сулейменова

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар  
министрінің м.а.  
2023 жылғы 31 наурыздағы  
№ 107 бұйрығымен  
бекітілген

## Қазақы ит тұқымдарының Бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және қазақы ит тұқымдарының бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақы тұқымды иттердің бірыңғай тұқым-тегі кітабы (бұдан әрі – Кітабы) – шығу тегі, тұқымдылығы, сыртқы тұрпаттық-бітімдік сипаттамалары мен өзге де қасиеттері туралы мәліметтер көрсетілген қазақы тұқымды иттер туралы деректер жинағы;

2) Қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы (бұдан әрі – Ұлттық орталық) қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін уәкілетті орган айқындаған мамандандырылған ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады;

3) қазақы тұқымды иттің шығу тегі туралы куәлік (бұдан әрі – шығу тегі туралы куәлік) – оның тұқым-тегі туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

4) қазақы ит тұқымдарының стандарты – қазақы тұқымды иттердің сыртқы тұрпаттық-бітімдік сипаттары мен пайдаланушылық қасиеттері бойынша сипаттамасы;

5) тұқымы таза қазақы тұқымды ит – қазақы ит тұқымдарының бекітілген стандартына сәйкес келетін және сол тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы куәлігі бар қазақы тазы немесе қазақы төбет тұқымдас ит;

6) уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) – жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер және жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

7) Қазақ ит тұқымдарының асыл тұқымды тізілімі толық емес (нөлдік) тұқымдық болып табылады, онда ата тегінің орнына "ақпарат жоқ" бағандары бар, тек осы ит туралы деректер бар.

## **2. Бірыңғай тұқым-тегі кітабын жүргізу тәртібі**

3. Кітап осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Кітапқа енгізу үшін жарияланған ит тұқымдарының тізіліміне енгізілген иттердің қазақ тұқымдары бойынша жүргізіледі.

4. Кітапқа енгізу үшін қазақы ит тұқымдарының стандарттарына сәйкес таңдау және іріктеуді Ұлттық орталық жүзеге асырады.

5. Таза қазақы тұқымды иттердің деректері бойынша Кітапқа келесі мәліметтер енгізіледі:

1) қазақы тұқымды тазы иті бойынша:  
иттердің тіркеу нөмірі, шығу тегі мен тұқымы;  
тірі салмақ бойынша аталық және аналық сипаттамалары;  
балдық баға беру (индекстік бағалау);  
аналықтардың жұптасу және күшіктеу есебін жүргізу;  
аталықтардың, аналықтардың тұқымдық пайдалануын және олардың ұрпақтарының сапасын есепке алу;

иттердің лақап аты, жеке нөмірі, тұқымы, туған күні мен жері, шығу тегі;  
шоқтық биіктікті, кеудедегі тереңдікті, дененің қиғаш ұзындығын (өлшеу таяқшасымен), шеңберін өлшеу нәтижелері;

өңі, туған жылы;  
жүн жамылғысы;  
бас, жақ және құлақ құрылымы;  
мойын құрылысы;

2) қазақы тұқымды төбет иті бойынша:  
иттердің тіркеу нөмірі, шығу тегі мен тұқымы;  
тірі салмақ бойынша аталық және аналық сипаттамалары;  
балдық баға беру (индекстік бағалау);  
аналықтардың жұптасу және күшіктеу есебін жүргізу;  
аталықтардың, аналықтардың тұқымдық пайдалануын және олардың ұрпақтарының сапасын есепке алу;

иттердің лақап аты, жеке нөмірі, тұқымы, туған күні мен жері, шығу тегі;  
шоқтық биіктікті, кеудедегі тереңдікті, дененің қиғаш ұзындығын (өлшеу таяқшасымен), шеңберін өлшеу нәтижелері;

өңі, туған жылы.  
жүн жамылғысы;  
бас, жақ және құлақ құрылысы;  
мойын құрылысы.

6. Қазақы ит тұқымдары бойынша Кітапқа конституциясы берік және сыртқы келбеті жақсы, асыл тұқымды мақсатта пайдалануға арналған, сол тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы, мынадай шарттарға сай мәліметтер енгізіледі:

1) қазақы тұқымды тазы иті бойынша:  
тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы деректер болса, сыналған, ұрпақ сапасы бойынша бағаланған және жақсартушы болып табылатын аталықтары;

тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы деректер болған кезде аналықтар;

2) қазақы тұқымды төбет иті бойынша:

тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы мәліметтер қамтылған шығу тегі туралы деректер болса, сыналған, ұрпақ сапасы бойынша бағаланған және жақсартушы болып табылатын аталықтары;

тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны туралы деректер болған кезде аналықтар.

7. Қазақ ит тұқымдарының асыл тұқымды тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) Кітапқа қосымша болып табылады, Тізіл осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жүргізіледі.

Иттер мен олардың ұрпақтары қазақы иттері тұқымдарының Тізіліміне енгізіледі, тұқымға жататын тегінің кемінде үздіксіз үш буыны, аталарының ұрпақтары Кітабында бір тұқымға жататын.

Тізілімге қазақы ит тұқымдары енгізіледі:

1) тектік тұқымды (бұрын тиісті ұйымдар берген) жағдай үшін:

олардың стандартқа сәйкестігін белгілеу (мұнда иттің тұқымы, шығу тегі, иесіне тиесілілігі, таңба немесе чип көрсетіледі);

ата-аналары мен тектері туралы мәліметтерсіз, асыл тұқымды өсіру құқығымен тіркелген шығу тегі туралы Куәлікті бере отырып, ресми көрмелерде/көрсетулерде кемінде "өте жақсы" экстерьерлік баға алу.

2) тексіз, жағдай үшін:

олардың тұқымдық стандартқа сәйкестігін белгілеу;

ата-аналары мен тектері туралы мәліметтерсіз, асыл тұқымды өсіру құқығымен тіркелген шығу тегі туралы Куәлікті бере отырып, ресми көрмелерде/көрсетулерде кемінде "өте жақсы" экстерьерлік баға алу.

ресми көрмелерде/көрсетулерде жеке рингте кемінде "қанағаттанарлық" экстерьер бағасын алу, бастапқы тізілімді бере отырып, ата-аналары мен тектері туралы мәліметтер жоқ шығу тегі туралы куәлік – Куәлік туралы белгі бар кітапқа енгізілген мәліметтер - "асылдық өсіруге жатпайды".

8. Осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес Ұлттық орталыққа белгіленген нысан бойынша Кітапқа жазба енгізу үшін жеке және заңды тұлғалар өтініш береді.

9. Ұлттық орталықтың кеңсесі өтініш келіп түскен күні қабылдайды, тіркейді және өтінішті қарауға қызмет берушіге жолдайды.

Өтініш беруші Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініш келесі жұмыс күні қабылданады.

Өтінішті қарау мерзімі екі жұмыс күні ішінде.

Өтініш беруші өтініш берген кезде үй жануарларының паспорты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20

мамырдағы № 169 бұйрығымен бекітілген Үй жануарларын тіркеу қағидаларына сәйкес қоса беріледі (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу № 28148).

Ұлттық орталық өтініш тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Кітапқа жазба енгізеді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда Ұлттық орталықтың жауапты бөлімшесінің қызметкері бір күн ішінде дәлелді бас тартуды дайындайды және жолдайды.

10. Осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Ұлттық орталық қазақы ит тұқымдарының шығу тегі туралы куәлік береді.

Кітапты жүргізу  
қағидасына  
1-қосымша  
Нысан

**Кітапқа енгізу үшін жарияланған қазақы ит тұқымдарын түгендеуі**  
**\_\_\_\_\_ тұқым бойынша**

№ р/с	Иттің жынысы	И т т ің сәйкестендіру нөмірі	Тіркеу нөмірі, ит №	Иттің туған күні	Иттің өңі

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ (ҚОЛЫ)

Кітап жүргізу  
қағидасына  
2-қосымша  
Нысан

**Кітапқа енгізілген асыл тұқымды иттердің тіркелімі**

№ р/с	Иттің жынысы	Иттің біргеілі №	Иттің туған күні	Иттің Кітапқа жазылған күні	Кітаптың том нөмірі	Кітап бойынша берілген №	Зауытас ( иттің туған жері )	Иттің иесі Кітапқа енгізу уақыты

Кітап жүргізу  
қағидасына  
3-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (Ұлттық орталық)  
бастап \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ немесе толық заңды тұлғаның атауы)

## Өтініш

\_\_\_\_\_ тұқымы бойынша біріңғай тұқым-тегі кітабына жазуыңызды сұраймын  
(тұқым атауы) Қазақы ит тұқымдарының саны бойынша: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бас.

(сөзбен)

Кітап \_\_\_\_\_ парағына енгізу үшін мәлімделген қазақы ит тұқымдары түгендеу.

(сөзбен)

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

(қала, аудан, облыс)

—  
(көше, үй)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

(қолы)

Кітап жүргізу  
қағидасына  
4-қосымша  
Нысан (үлгі)



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК